

Тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібі туралы Қағидасын бекіту туралы

Күші жойған

Шығыс Қазақстан облысы Көкпекті аудандық мәслихатының 2012 жылғы 10 сәуірдегі N 3-5/5) шешімі. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Көкпекті аудандық Әділет басқармасында 2012 жылғы 24 сәуірде N 5-15-105 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Көкпекті аудандық мәслихатының 2014 жылғы 24 желтоқсандағы N 30-4/2 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Көкпекті аудандық мәслихатының 24.12.2014 N 30-4/2 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы с а қ т а л ғ а н .

Ескерту. Тақырыбы жаңа редакцияда - Көкпекті аудандық мәслихатының 03.04.2014 № 22-6/1 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Ескерту. Шешімнің және қосымшалардың мемлекеттік тілдегі бүкіл мәтіні бойынша "Ережесі", "Ереже", "Ережелер", "Ережеде", "Ереженің", "Ережесіне" деген сөздер тиісінше "Қағидасы", "Қағида", "Қағидалар", "Қағидада", "Қағиданың", "Қағидасына" деген сөздермен ауыстырылды - Көкпекті аудандық мәслихатының 03.04.2014 № 22-6/1 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 6 бабының 1 тармағының 15) тармақшасына сәйкес, "Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі Заңының 97 бабына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 желтоқсандағы № 2314 "Тұрғын үй көмегін көрсету ережесін бекіту туралы" қаулысына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 14 сәуірдегі № 512 "Әлеуметтік тұрғыдан қорғалатын азаматтарға телекоммуникация қызметтерін көрсеткені үшін абоненттік төлемақы тарифінің көтерілуіне өтемақы төлеудің кейбір мәселелері туралы" қаулысына сәйкес Көкпекті аудандық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Қосымша ұсынылған "Тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібінің Қағидасы" бекітілсін.

2. "Тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібін белгілеу Ережесін бекіту туралы" 2010 жылғы 27 шілдедегі № 24-5/2 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 5-15-72 болып тіркелген, "Жұлдыз" газетінің 2010 жылғы 18 қыркүйегіндегі № 37 санында жарияланған) шешімнің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешім ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

<i>Сессия төрағасы</i>	<i>О. Карканица</i>
<i>Мәслихат хатшысы</i>	<i>Р. Беспаяв</i>
	Көпекті аудандық мәслихатының 2012 жылғы 10 сәуірдегі № 3-5/5) шешімімен бекітілген

Тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібінің Қағидасы

Осы тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібі туралы Қағидасы Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабының 1 тармағының 15) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі "Тұрғын үй қатынастары туралы" Заңының 97 бабына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 желтоқсандағы № 2314 "Тұрғын үй көмегін көрсету Қағидасын бекіту туралы" қаулысына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 14 сәуірдегі № 512 "Әлеуметтік тұрғыдан қорғалатын азаматтарға телекоммуникация қызметтерін көрсеткені үшін абоненттік төлемақы тарифінің көтерілуіне өтемақы төлеудің кейбір мәселелері туралы" қаулысына сәйкес әзірленді.

1. Жалпы ережелер

1. Осы Қағидада мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады: шекті жол берілетін шығыстар үлесі- телекоммуникация желісіне қосылған телефон үшін абоненттік төлемақының, жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үйді пайдаланғаны үшін жалға алу ақысының ұлғаюы бөлігінде отбасының (азаматының) бір айда тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға, коммуналдық қызметтер мен байланыс қызметтерін тұтынуға жұмсалған шығыстарының шекті жол берілетін деңгейінің отбасының (азаматтың) орташа айлық жиынтық кірісіне пайызбен қатынасы;

отбасының (азаматтың) жиынтық табысы - тұрғын үй көмегін тағайындауға өтініш білдірген тоқсанның алдындағы тоқсанда отбасы (азамат) кірістерінің
ж а л п ы с о м а с ы ;

кондоминиум объектісін басқару органы- кондоминиум объектісін басқару жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлға;

уәкілетті орган – жергілікті бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын, тұрғын үй көмегін тағайындауды жүзеге асыратын республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті
а т қ а р у о р г а н ы ;

тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп - ұстауға жұмсалатын шығыстар - кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін пайдалануға және жөндеуге, жер учаскесін күтіп – ұстауға, коммуналдық қызметтерді тұтынуды есептеудің үйге ортақ құралдарын сатып алуға, орнатуға, пайдалануға және тексеруге жұмсалатын шығыстарға, кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп – ұстауға тұтынылған коммуналдық қызметтерді төлеуге жұмсалатын шығыстарға жалпы жиналыстың шешімімен белгіленген ай сайынғы жарналар арқылы төленетін үй - жайлардың (пәтерлердің) меншік иелері шығыстарының міндетті сомасы, сондай - ақ болашақта кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін немесе оның жекелеген түрлерін күрделі жөндеуге ақша жинақтауға жұмсалатын
ж а р н а л а р ;

аз қамтылған отбасылар (азаматтар) - Қазақстан Республикасының тұрғын үй заңнамасына сәйкес тұрғын үй көмегін алуға құқығы бар адамдар.

2.Тұрғын үй көмегін тағайындау тәртібі мен мөлшері

2. Тұрғын үй көмегі жергілікті бюджет қаражаты есебінен осы елді мекенде тұрақты тұратын аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға):

1) жекешелендірілген тұрғын үй-жайларда (пәтерлерде) тұратын немесе мемлекеттік тұрғын үй қорындағы тұрғын үй-жайларды (пәтерлерді) жалдаушылар (қосымша жалдаушылар) болып табылатын отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға жұмсалатын
ш ы ғ ы с т а р ғ а ;

2) тұрғын үйдің меншік иелері немесе жалдаушылары (қосымша жалдаушылар) болып табылатын отбасыларға (азаматтарға) коммуналдық қызметтерді және телекоммуникация желісіне қосылған телефонға абоненттік төлемақының өсуі бөлігінде байланыс қызметтерін тұтынуына;

3) жергілікті атқарушы орган жеке тұрғын үй қорынан жалға алған тұрғын үй-жайды пайдаланғаны үшін жалға алу төлемақысын төлеуге;

4) алынып тасталды - Көкпекті аудандық мәслихатының 26.12.2013 № 21-5/1 ш е ш і м і м е н .

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - Көкпекті аудандық мәслихатының 01.03.2013 № 11-3/1 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) шешімімен; өзгеріс енгізілді - Көкпекті аудандық мәслихатының 26.12.2013 № 21-5/1 (01.01.2014 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

3. Аз қамтылған отбасылардың (азаматтардың) тұрғын үй көмегін есептеуге қабылданатын шығыстары жоғарыда көрсетілген бағыттардың әрқайсысы бойынша шығыстардың сомасы ретінде айқындалады.

4. Тұрғын үй көмегі телекоммуникация желісіне қосылған телефон үшін абоненттік төлемақының, жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үйді пайдаланғаны үшін жалға алу ақысының ұлғаюы бөлігінде тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға арналған шығыстарға, коммуналдық қызметтер мен байланыс қызметтерін тұтынуға, жекешелендірілген үй-жайларда (пәтерлерде), жеке тұрғын үйде тұрып жатқандарға тәулік уақыты бойынша электр энергиясының шығынын саралап есепке алатын және бақылайтын, дәлдік сыныбы 1-ден төмен емес электр энергиясын бір фазалық есептеуіштің құнын төлеуге нормалар шегінде ақы төлеу сомасы мен отбасының (азаматтардың) осы мақсаттарға жұмсаған шығыстарының шекті жол берілетін деңгейінің арасындағы айырма ретінде ай қ ы н д а л а д ы .

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - Көкпекті аудандық мәслихатының 01.03.2013 № 11-3/1 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) шешімімен.

5. Тұрғын үйді ұстау және коммуналдық қызметті тұтыну ақысының рұқсат етілген шекті шығын үлесі отбасының жиынтық табысының 20 пайызы мөлшерінде белгіленеді. Тұрғын үй көмегін алуға үміткер отбасының (азаматтың) жиынтық табысын уәкілетті орган есептейді. Тұрғын үй көмегін алуға үміткер отбасының (Қазақстан Республикасы азаматының) жиынтық табысын есептеу тәртібін тұрғын үй қатынастары саласындағы уәкілетті орган белгілейді.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - Көкпекті аудандық мәслихатының 03.04.2014 № 22-6/1 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

6. Аталған жерлерде тұрақты тұратын адамдарға тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға арналған ай сайынғы және нысаналы жарналардың мөлшерін айқындайтын сметаға сәйкес, тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға арналған коммуналдық қызметтер көрсету ақысын төлеу, сондай-ақ жекешелендірілген тұрғын үй-жайларында (пәтерлерде), жеке тұрғын үйде пайдалануда тұрған дәлдік сыныбы 2,5 электр энергиясын бір фазалық есептеуіштің орнына орнатылатын тәулік уақыты бойынша электр энергиясының

шығынын саралап есепке алатын және бақылайтын, дәлдік сыныбы 1-ден төмен емес электр энергиясын бір фазалық есептеуіштің құнын төлеуге, жеткізушілер ұсынған шоттар бойынша тұрғын үй көмегі бюджет қаражаты есебінен көрсетіледі.

Коммуналдық қызметтерді жеткізушілер уәкілетті органға табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі уәкілетті органмен келісілген коммуналдық қызметтерге тарифтерді, олардың өзгерістерін ұсынады. Тұрғын үй көмегін есептеу кезінде қызмет көрсетушілермен ұсынылған жылудың шығындалуы тұрғын үй алаңының әлеуметтік нормалары шегінде есепке алынады.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - Көкпекті аудандық мәслихатының 01.03.2013 № 11-3/1 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) шешімімен.

3.Тұрғын үй көмегін берудің шарты

7. Тұрғын үй көмегін алуға келесі отбасылардың құқылары жоқ:

1) жеке меншігінде бір бірліктен артық тұрғын үйі (үйі, пәтері) бар немесе тұрғын үй – жайларын жалға берген;

2) құрамында жұмысқа жарамды, бірақ жұмыс істемейтін, оқымайтын, әскер қатарында қызмет етпейтін және жұмыспен қамту мәселелері бойынша уәкілетті органда тіркелмеген тұлғалары бар, келесі тұлғаларды қоспағанда;

бірінші және екінші топтағы мүгедектерді, 18 жасқа дейінгі мүгедек-балаларды, сексен жастан асқан тұлғаларды күтетін тұлғалар;

мүгедектік тобы анықталмаған, туберкулез, онкологиялық диспансерлерде тіркеуде тұрған тұлғалар;

жеті жасқа дейінгі бала күтіп отырған және 18 жасқа дейінгі 4 немесе одан көп бала тәрбиелеп отырған аналар;

50 жасқа толғандар;

3) құрамында заңды некеде тұрған, бірақ жұбайының тұрғылықты жерін білмейтін (көрсетпейтін) және осы мәселе бойынша құқық қорғау органдарына өтініш жасамаған тұлғалары бар.

8. Ұсынған жұмыстан немесе жұмысқа орналасудан дәлелсіз себептермен бас тартқан, өз еркімен қоғамдық жұмыстарға қатысуды, оқуды немесе қайта оқуды тоқтатқан отбасының жұмыссыз мүшелері тұрғын үй көмегін алу құқығынан алты айға айырылады.

9. Тұрғын үй көмегін алуға алғашқы рет өтініш білдірген және өтініш білдіру кезінде коммуналдық қызметтер төлемақысы бойынша берешектері бар отбасыларға тұрғын үй көмегі коммуналдық қызмет ұсынушының тарифтері

бойынша берешегіне карамастан тағайындалады.

10. Тұрғын үй көмегін тағайындау үшін отбасы (азамат) уәкілетті органға өтініш береді және мынадай құжаттарды ұсынады:

- 1) өтініш берушінің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- 2) тұрғын үйге құқық беретін құжаттың көшірмесі;
- 3) азаматтарды тіркеу кітабының көшірмесі не мекенжай анықтамасы, не өтініш берушінің тұрғылықты тұратын жері бойынша тіркелгенін растайтын ауылдық әкімдердің анықтамасы;
- 4) отбасының табысын растайтын құжаттар;
- 5) тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп - ұстауға арналған ай сайынғы жарналардың мөлшері туралы шоттар;
- 6) коммуналдық қызметтерді тұтынуға арналған шоттар;
- 7) телекоммуникация қызметтері үшін түбіртек – шот немесе байланыс қызметтерін көрсетуге арналған шарттың көшірмесі;
- 8) жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үйді пайдаланғаны үшін жергілікті атқарушы орган берген жалдау ақысының мөлшері туралы шот;

9) алынып тасталды - Көкпекті аудандық мәслихатының 26.12.2013 № 21-5/1 шешімімен .

Ескерту. 10-тармаққа өзгерістер енгізілді - Көкпекті аудандық мәслихатының 01.03.2013 № 11-3/1 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз); 26.12.2013 № 21-5/1 (01.01.2014 бастап қолданысқа енгізіледі); 03.04.2014 № 22-6/1 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен .

11. Тұрғын үй алушылар тоқсан сайын отбасының кірісін растайтын құжаттар , өтініш берілген тоқсан алдындағы тоқсандағы коммуналдық қызметті тұтынуға шот түбіртегін ұсынады. Тұрғын үй көмегі тағайындалған айдан бастап коммуналдық қызметтің ағымдағы төлемақыларын тұрақты төлеген жағдайда тағайындалады .

12. Уәкілетті органның шешімі тұрғын үй көмегін берудің негізі болып табылады .

13. Тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға, электр жүйесімен, газбен қамтамасыз етуге, лифттерге қызмет көрсетуге арналған шығыстар өтініш берген тоқсанның алдындағы тоқсанға орта есеппен ескеріледі. Сумен қамтамасыз ету, су бұру, жылу энергиясы, қатты тұрмыстық қалдықтарды шығару, телекоммуникация қызметтері үшін шығыстар қызмет көрсетушілердің тарифтері бойынша ескеріледі.

Ескерту. 13-тармақ тармақ жаңа редакцияда - Көкпекті аудандық мәслихатының 01.03.2013 № 11-3/1 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз)

шешімімен; өзгеріс енгізілді - Көкпекті аудандық мәслихатының 26.12.2013 № 21 -5/1 (01.01.2014 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

14. Халықтың әлеуметтік қорғалатын тобына телекоммуникация қызметін көрсетуге абоненттік төлемақы тарифтерінің өсуіне өтемақы көлемі әрекеттегі абоненттік төлемақы және 2004 жылғы қыркүйек айындағы әрекет еткен абоненттік төлемақы арасындағы айырмашылық ретінде анықталады.

15. Коммуналдық қызмет тұтынуды есептейтін қондырғылары бар тұтынушылар үшін есептеуге қолданылатын шығындар есептеу қондырғыларының көрсеткіштері негізінде қызметтер толық көлемде көрсетілген , алдыңғы немесе соңғы тоқсандағы нақты шығындар бойынша анықталады.

16. Тұрғын үйлерде орталықтандырылған жылу беру жүйесі болмаған жағдайда жылу беру және ыстық сумен қамтамасыз етуге төлемақы мөлшері әлеуметтік нормаларға сәйкес электр қуатына аударылған сомандан есептеледі.

17. Тұрғын үй көмегін тағайындаған кезде келесі шарттар қолданылады:

1) өтініш иесі заңды некеде болса, бірақ зайыбы берілген мекен-жайы бойынша тіркелмеген – зайыптылардың екеуінің де кірісі есептеледі және тұрғын үй көмегі туралы өтініш берушінің мекен-жайы бойынша тағайындалады;

2) өтініш берушінің үйінде 18 жасқа толмаған бала тіркелген, ата- аналары б а с қ а ж е р д е т і р к е л г е н .

18. Тұрғын үй көмегі барлық қажетті құжаттарымен қоса өтініш берілген айдан б а с т а п тағайындалады .

19. Екінші рет тұрғын үй көмегін тағайындау туралы өтініш білдірілген жағдайда тұрғын үй көмегі құжаттардың ұсынылу уақытына қарамастан бір тоқсанға тағайындалады. Егерде ағымдағы тоқсанда құжаттар ұсынылмаса тұрғын үй көмегін тағайындау өтінішін білдірілген айдан бастап аударылады.

20. Тұрғын үй көмегін алушылар 10 күн ішінде алынатын жәрдемақының мөлшеріне және тағайындау құқығына әсер ететін кез келген өзгерістер туралы уәкілетті о р г а н ғ а х а б а р л а у ы т и і с .

21. Өтініш иесі негізсіз тұрғын үй көмегін тағайындауға әкеліп соқтырған жалған мәліметті уәкілетті органға ұсынған жағдайда, алынған соманы өз бетімен қайтарады, ал бас тартқан жағдайда- Қазақстан Республикасының заңнамасымен б е к і т і л г е н т ә р т і п п е н қ а й т а р ы л а д ы .

4. Тұрғын үй көмегінің мөлшері және тұрғын үйді ұстау және коммуналдық қызметтерді тұтыну нормативтері

22. Тұрғын үй көмегін есептеу кезінде келесі нормалар есепке алынады:

1) а у д а н н о р м а л а р ы :

жалғыз басты азаматтар үшін – 30 шаршы метр;
екі адамнан тұратын отбасы үшін – 45 шаршы метр;
үш адамнан тұратын отбасы үшін – 55 шаршы метр;
төрт немесе одан да көп адамнан тұратын отбасы үшін – әр адамға 15 шаршы метрден, бірақ 60 шаршы метрден аспауы қажет;

2) тұрғын үйді ұстау шығындарының нормасы – 1 шаршы метрге 50 теңге;

3) бір айдағы бір адамға газ шығыны – 6,5 кг;

4) электр энергиясын тұтыну нормасы:

1 адам тұрған жағдайда – 90 кВт;

1 адамнан көп адам тұрған жағдайда - әр адамға 45 кВт, барлығы 300 кВт
а с п а у к е р е к ;

5) сумен жабдықтау нормасы:

сутартқы құдығынан суды пайдаланатын тұрғын үйлер:

1 адамға суды шығындау тәулігіне 25 литр;

б) тұрғын үй құрылысының жалпы ауданының 1 шаршы метріне көмірдің шығыны - 129,8 кг, бірақ бір үйге 5000 кг артық емес.

5. Өздері жылытатын жеке меншік үй құрылыстарында тұратын тұрмысы төмен отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін ұсыну тәртібі

23. Өздері жылытатын жеке меншік үй құрылыстарында тұратын тұрмысы төмен отбасыларына тұрғын үй көмегі жылыту мерзімінде ұсынылады.

24. Көмір құнын есептеу үшін қала бойынша облыстық статистика басқармасы ұсынған орташа баға және тұрғын үй көмегін есептеген тоқсанның алдындағы тоқсанның соңғы айындағы жағдайымен алынған ақпарат қолданылады (наурыз, маусым, қыркүйек, желтоқсан).

25. Жергілікті жылу жүйесімен жылытылатын жеке меншік үй құрылыстарында қолданылатын басқа отын түрлерінің құны мен шығын нормасы, тұрғын үй көмегін есептегенде көмірдің құны мен шығын нормасына балама ретінде есептеледі.

26. Көмір сатып алудың маусымдылығына байланысты тұрғын үй көмегін есептеген кезде тұрғын үйге арналған көмір шығынының барлық әлеуметтік нормасы өтініш берілген тоқсандағы үш ай үшін бір рет есептеледі.

6. Тұрғын үй көмегін қаржыландыру және төлеу

27. Тұрғын үй көмегі аудандық бюджет қаражаты есебінен беріледі және ақшалай төлем түрінде тағайындалады.

28. Тұрғын үй көмегін төлеу азаматтардың салымы бойынша шоттарына аудару жолымен екінші деңгейдегі банкілер арқылы жүзеге асырылады. Тұрғын үй көмегі төлемінің тәртібі "ШҚО Көкпекті ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" ММ және тиісті екінші деңгейдегі банкілер арасында жасалған агенттік келісімімен белгіленеді.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК